

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін қадағалау департаменті*

*Қазақстан Республикасының
жинақтаушы зейнетақы жүйесінің
ағымдағы жағдайы*

2015 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша

Көлемі: 6 бет
Кестелер саны: 5
Графиктер саны: 3
Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

2015 жыл

МАЗМҰНЫ

I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

1-кесте. БЖЗҚ салымшылары (алушылары)

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

II. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

4-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

2-график. ҚР экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі

III. БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

5-кесте. БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

1-кесте. БЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары)

Бүгінгі күнде БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

Сонымен бірге қазіргі кезде Ұлттық Банкке ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиялар беруге өтініштер келіп түскен жоқ.

2015 жылғы 1 желтоқсанда жаңа салымшыларға (алушыларға) зейнетақы шоттары ашылуына байланысты жылдың басымен салыстырғанда салымшылар (алушылар) шоттарының саны міндетті зейнетақы жарналары бойынша 72 765 бірлікке немесе 0,8%-ға және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша 41 405 бірлікке немесе 12,6%-ға ұлғаюы байқалады.

Нөлдік қалдықтарымен жеке зейнетақы шоттарының жабылуына және салымшылардың Қазақстан Республикасы шегінен тысқары шығуына орай зейнетақы төлемдерін жүргізуіне байланысты жылдың басынан салымшылар (алушылар) шоттарының саны ерікті зейнетақы жарналары бойынша, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын қоса алғанда, 844 бірлікке немесе 2,1%-ға төмендеді және есепті күні 39 090 бірлік болды.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) саны	1.01.15	1.12.15	Өсімі (%-бен)
пайдасына міндетті зейнетақы жарналары енгізілген	9 377 563	9 450 328	0,8
пайдасына ерікті зейнетақы жарналары енгізілген (оның ішінде ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары *)	39 934	39 090	-2,1
пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары енгізілген	328 105	369 510	12,6

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жинақтары міндетті зейнетақы жарналары бойынша 1 091,0 млрд.теңгеге (24,3%), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша 34,4 млрд.теңгеге (130,8%), ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын қоса алғанда ерікті жарналар бойынша 0,2 млрд.теңгеге (13,3%) ұлғайды.

Зейнетақы жинақтары, млрд. теңге	1.01.15	1.12.15	Өсімі (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	4 490,0	5 581,0	24,3
ерікті зейнетақы жарналары бойынша (оның ішінде ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша)	1,5	1,7	13,3
міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша	26,3	60,7	130,8

*Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 73-бабына сәйкес 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары, егер пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары енгізілген адамдар өндірістердің, жұмыстардың, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асыратын, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесіне кірген кәсіптер жұмыскерлері болып табылған жағдайда, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарына аударылады.


Өзге де барлық жағдайларда 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары ерікті зейнетақы жарналарына аударылады.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, 2016 жылғы 1 ақпаннан бастап салымшылар (алушылар) және зейнетақы жинақтары бөлігіндегі цифрлар өзгеруі мүмкін.

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

Зейнетақы жинақтарының көлемі	1.01.15	1.12.15	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы жинақтары, млрд. теңгемен	4 517,8	5 643,4	24,9
Зейнетақы жарналары, млрд. теңгемен	3 686,3	4 305,2	16,8
«Таза» инвестициялық кіріс, млрд. теңгемен	990,5	1 622,8	63,8
Зейнетақы жинақтары сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі, %-бен	21,9	28,8	6,9

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы (2-кестеге) (млрд.теңге)



Осылайша, салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2015 жылдың басынан бастап 1 125,6 млрд. теңгеге (24,9%) ұлғайып және 2015 жылғы 1 желтоқсанда 5 643,4 млрд. теңге болды. 11 айда «таза инвестициялық кірістің» өсімі 632,3 млрд. теңге немесе 63,8 % болды.

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

Көрсеткіштің атауы / күні	1.01.15	1.12.15	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы төлемдері	529,6	656,4	23,9
оның ішінде, зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару	97,0	116,2	19,8


Зейнетақы төлемдері 2015 жылғы 11 айда 126,8 млрд. теңгеге немесе 23,9%-ға ұлғайып және 2015 жылғы 1 желтоқсанда 656,4 млрд. теңге болды.

II. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

4-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

Көрсеткіштің атауы / күні	1.01.15	1.12.15
ЖІӨ млрд.теңге	38 711,9 [†]	41 307,6 [‡]
Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	11,7	13,7
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	9,5	10,4
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,6	3,9

2-график. ҚР экономикасындағы зейнетақы секторының ролі




Жыл басынан Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің, атап айтқанда зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы 11,7%-дан 13,7%-ға дейін, зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы 9,5%-дан 10,4%-ға дейін, «таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы 2,6%-дан 3,9%-ға дейін ұлғаюы байқалады.

III. БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

2015 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2015 жылдың басынан 1 135,3 млрд. теңгеге немесе 25,1%-ға ұлғайып, 5 654,9 млрд. теңге болды.



2014 жылғы 1 желтоқсан – 2015 жылғы 1 желтоқсан аралығындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық ұлғаюы 103,5 млрд. теңге болды.

[†] ҚР Ұлттық экономикалық министрлігінің оперативті деректері

[‡] ҚР Ұлттық экономикалық министрлігінің болжам деректері

5-кесте. БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	(млрд. теңге)			
	1.01.15		1.12.15	
	млрд. теңге	%-бен	млрд. теңге	%-бен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 967,3	45,3	2 546,6	45,67
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 961,8	42,1	2 260,5	40,54
Ұлттық Банктің ноттары	0,0	0,0	286,1	5,13
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5,5	0,1	0,0	0,0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	151,3	3,5	215,3	3,86
акциялар	9,0	0,2	13,6	0,24
облигациялар	142,3	3,3	201,7	3,62
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	82,5	1,9	86,6	1,6
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	74,3	1,7	52,0	0,9
Тазартылған алтын	0,0	0,0	0,0	0,0
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	1364,9	31,4	2 292,5	41,1
акциялар	145,5	3,3	116,5	2,1
облигациялар, оның ішінде:	1 219,4	28,1	2 163,4	38,8
шетел валютасында номинирленген	271,9	6,3	496,1	8,9
теңгеде номинирленген	947,6	21,8	1 667,3	29,9
ноттар	0,0	0,0	12,6	0,2
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	710,2	16,3	382,8	6,9
Туынды қаржы құралдары	-4,5[§]	-0,1	0,0	0,0
Жиынтығы	4 346,0	100,0	5 575,8	100,0

2015 жылғы 1 желтоқсанда БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесіне бұрынғыша ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары ие (БЖЗҚ осыған ұқсас күнгі инвестициялық зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 45,67% және тиісінше 41,1%).

Өз кезегінде, шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар көлемі 353,9 млрд. теңгені (оның ішінде, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары) немесе инвестициялық зейнетақы активтері көлемінің 6,36%-ын құрайды. Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар үлесіне 6,9% немесе 382,8 млрд. теңге келеді.

[§] портфельде туынды қаржы құралының (келісімшарт) бағасы және базалық активтің ағымдағы нарықтық бағасы арасындағы айырма ғана көрсетілетініне байланысты мәні теріс болып табылады